

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Түркістан қаласы

25.12.2024 ж.

Қатысқандар: PhD., аға оқытушы А. Тасова, аға оқытушы А.Арыстанбаева, п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбекова, п.ғ.к., аға оқытушы Л.Искакова, аға оқытушы С.Паштанов, PhD., аға оқытушы К. Кабекеева, PhD., доцент А. Куралбаева, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, докторант А. Ибраева, магистрант Ж.Құдайберген, білімгер А. Мұхтар, кафедра ОПК.

Күн тіртібі:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу). танысу,
2. Қолданыстағы бакалавр және магистратура, докторантура ББ ішкі сараптаудан өткізу
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АҚ төрайымы А.Арыстанбаева: Саламатсыздар ма АҚ мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу). танысу, қолданыстағы бакалавр және магистратура, докторантура ББ ішкі сараптаудан өткізу қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АҚ мүшесі, С.Алимбекова күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: «Педагогика және психология» даярлау бағыттарындағы барлық білім беру бағдарламалары талапқа сай жасалғанын айтып өтті. Қазіргі таңда қолданыстағы 6B01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы жалпы мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалпағанын қоса айтып, қолданыста қалатынын да ескерді. Дегенмен алдағы уақытта заман өзгерістеріне сәйкес жанаша тенденциялармен қарастыруды болатынын ұсынды. Сонымен қатар 7M01101, 8D01101- Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша да білім беру бағдарламалары өзгеріссіз қалатынын айтты.

АҚ мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы Л.Искакова күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қолданыстағы бакалавриат, магистратура және докторантура ББ-ларының қазіргі жағдайы талданды. Атап айтсақ толықтыру жұмыстары бойынша білім беру бағдарламалары 6B01101, 7M01101 және 8D01101 (Педагогика және психология) білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін мына бағыттарда жұмыс жасауға болады: Бакалавриат (6B01101): бойынша Оқу бағдарламалары мазмұнын жаңарту, инклюзивті білім беру негіздерін тереңдету. Магистратура (7M01101): Педагогикалық диагностика және зерттеу әдістерін енгізу, балалардың даму психологиясын тереңірек қарастыратын пәндерді қосу, докторантура (8D01101): Педагогика және психология саласындағы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қосу, ғылыми мақалалар жазу және жариялау бойынша арнайы курс енгізуді қарастыруға болатын айтып өтті.

АҚ мүшесі С.Паштанов. үшінші мәселе бойынша сөз алды: Кафедраға қарасты білім беру бағдарламалының сапасын арттыру мақсатында өз пікірін білдірді. Аталған білім беру бағдарламалының қазіргі мазмұнының тиімділігін атап өтті, бірақ қазіргі


заманғы талаптарға сай қажет болған жағдайда бағдарламалардың жаңартылуы қажеттігін де атап кетті.

АК мүшесі А. Тасова сөз алды: Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында жіне белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін атты.

Шешім: «Педагогика және психология» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін, қолданыстағы білім беру бағдарламалары ешқандай өзгеріссіз сол күйінде қалатыны туралы шешім қабылдансын. желтоқсан қараша-желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрайымы:

Хатшысы:



А.Арыстанбаева

С.Паштанов